


Теңіздің минималды тереңдігі катамаранмен бұрғылау жұмыстарын жүргізу мүмкіндігі шөгінділердің көлемімен, максималдық тереңдігі якорлық тростардың көмегімен анықталады. Бұрғылау скважиналарының мүмкін тереңдігі катамарандағы бұрғылау қондырғыларының түріне байланысты.

Катамаран «Геолог-1» (2.15-сурет) инженер-геологиялық іздестіру жұмыстарын Қара теңіз акваториясында жүргізуге арнайы құрастырылған.



2.15-сурет. «Геолог-1» қайығында негізгі технологиялық жабдықтарды орналастыру схемасы инженер-геологиялық іздестіру жұмыстары үшін.

1, 2, 3, 4 – лебедка, копер, пенетрациондық штангалар, басқару пульты және ПСПК-69 регистрациялау блогы; 5 – УГБ-50М бұрғылау қондырғысы; 6, 7, 8 – қабылдағыш, сәулелендіргіш, қоздыру блогы және сейсмопрофилбдеу «Грунттың» регистрация станциясы; 9 – гидробак гидрожүйемен және ПСПК-69 балластысымен; 10, 11, 12 – корпус, қозғалушыны бағыттаушы құрал және қайықтың қосалқы қондырғысы.

Катамаран бөлшектері: УГБ-50М қондырғысы тереңдігі 30м жыныстарды соғу, колонкалық және шнековтық тәсілдермен электроприводпен бұрғылау; жұмсақ жердің және теңіздің литологиялық құрылысын анықтау үшін ПСПК-69 су асты пенетрационды-каратраждық станциясы; «Грунт» сейсмоакустикалық станциясы теңіз түбінің литологиялық құрылысын барлық қатар орналасқан ұңғыларға қарап, ақпарат алу үшін қажет. «Геолог-1» зерттеу аймағына 4 якорьмен орнатылады, ал теңіздің тереңдігінде 7 м – қосымша екі қырынан ұзындығы 8 метрлік якорьмен бекітіледі.

Балқып жүретін бұрғылау қондырғыларын ең басты жабдық ретінде жасайды, бұрғылау үшін арнайы жасалмаған қайықтар (баржи, плашкоуттар, шаландар), ағаш плоттар немесе арнайы бұрғылау үшін жасалған металл понтондар, катамарандар және тримарандарды қолданады.